

Қазақ тіліндегі кітаптардың аздығы	3 %
Оқу бағдарламасын толықтыратын қосымша әдебиеттердің үлесі	0,2 %

Жеке қызмет көрсету түрлері

Кітапханада жеке оқырмандармен жұмыс келесі бағыттар бойынша жүргізілді:

- кітапханаға тіркеу кезінде әңгімелесу;
- оқылған кітаптар бойынша пікір алмасу;
- кітап тандау барысында ұсынымдық әңгімелер өткізу;
- дауыстап оқу жұмыстарын ұйымдастыру.

Тәрбие жұмысының негізгі бағыттары

Жалпы білім беретін мектептегі тәрбие жұмысы келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

- жана қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие;
- рухани-адамгершілік тәрбие;
- ұлттық тәрбие;
- отбасылық тәрбие;
- еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие;
- көркем-эстетикалық тәрбие.

Оқу жылы ішінде өткізілген барлық кітапханалық іс-шаралар оқушылардың кітап оқуға қызығушылығын арттыруға, азаматтық және патриоттық тәрбие беруге бағытталды.

«Адал азамат» бағдарламасы аясындағы тәрбие жұмысы

Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтайдың төртінші отырысында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының ағауын «Адал азамат» деп өзгерту туралы шешім қабылдады.

Бағдарлама бұрын жүзеге асырылған бастамалардың заңды жалғасы болып табылады. Оның басты мақсаты – «Адал азамат» тұжырымдамасына сай патриоттық рухта тәрбиеленген, білімді, еңбеккер және жасампаз ұрпақты қалыптастыру.

Балаларға дұрыс бағыт-бағдар беріп, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды бойына сіңіру – қоғамның манызды міндеттерінің бірі. Сондықтан әділетті Қазақстанды қалыптастыру жолында тәрбие жұмысы ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделуі тиіс.

Бағдарламаның негізгі мақсаты – ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді меңгерген, жауапты әрі адал азамат тәрбиелеу.

Тәрбиенің негізі ретінде Абайдың «Толық адам» тұжырымдамасы алынады. Бұл идея оқыту, тәрбие және тұлғалық дамудың бірлігін қамтамасыз етеді.

Тәрбие жұмысының мәні – білім алушылардың ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделген тұлғалық қасиеттерін қалыптастыруға жағдай жасау.

Құндылықтар – оқушының белгілі бір әрекет түрін саналы түрде тандауға деген тұрақты ұстанымы. Олар жеке тұлғаның да, қоғамның да өркендеуінің негізі болып табылады.